

Пресс-релиз

Астана қ., 14 қаңтар 2014 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылғы 12 айдағы өндірістік қызметінің қорытындысын (шоғырландырылған емес) хабаралайды

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнайдың тасымалдау көлемі 2013 жылғы қаңтар-желтоқсандағы дұрыс мәліметтер бойынша 53 млн. 924 мың тоннаны құрады, бұл жоспарлы межеден 2 млн. 49 мың тоннаға (немесе 4%) және 2012 жылдың көрсеткішінен 465 мың тоннаға (немесе 1%) жоғары.

2012 жылдың көрсеткішіне қарағанда 2013 жылында «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауытына мұнайдың тасымалдау көлемінің ұлғаюы белгіленді – 14 млн. 116 мың тонна (136 мың тоннаға немесе 1% ұлғайды). Соның ішінде, АМӨЗ-на – 4 млн. 333 мың тонна қамтамасыз етілді (2012 ж. деңгейінде), ПКӨП – 4 млн. 711 мың тонна (151 мың тоннаға көп), ПМХЗ – 5 млн. 47 мың тонна (55 мың тоннаға төмен), Битумдық зауытына – 25 мың тонна (2012 жылы қамтамасыз етілген жоқ). 2013 жылы «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырына мұнайды ауыстырып құю көлемі 11 млн. 828 мың тоннаға дейін ұлғайды (бұл 2012 жылдың көрсеткішінен 1 млн. 427 мың тоннаға немесе 14% жоғары).

«Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесі бойынша мұнайды тасымалдау көлемі өзгерген жоқ – 2013 жылы 12 айда 15 млн. 376 мың тонна мұнай айдалды.

«ҚазТрансОйл» АҚ қуатын қолданып Ақтау портындағы танкерлерге мұнайды құю 5 млн. 995 мың тоннаға тең болды, бұл 2012 жылға қарағанда 530 мың тоннаға немесе 8% төмен.

2013 жылы 12 айдағы КҚК-Қ МҚ жүйесіне мұнайды ауыстырып құю көлемі 3 млн. 625 мың тоннаны құрады, 2012 жылдың көрсеткішінен 343 мың тоннаға немесе 9% төмен.

«ТОН-2» мұнай құбырының Қазақстан Республикасында орналасқан учаскесі арқылы Ресей мұнайының транзиті 2013 жылдың қорытындысы бойынша 6 млн. 533 мың тоннаны құрады, бұл 2012 жылдың көрсеткішінен 1 млн. 12 мың тоннаға немесе 18% жоғары.

2013 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ МҚ жүйесіндегі мұнай айналымы 36 млрд. 994 млн.тонна*км құрады, бұл жоспарлы межеден 1 млрд. 89 млн. тонна*км (немесе 3%), 2012 жылдың көрсеткішінен 2 млрд. 464 млн. тонна*км (немесе 7%) жоғары.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына Астрахань – Маңғыстау суағызғысы арқылы Еділ суын беру көлемі 23 млн. 390 мың текше метрді құрады, бұл 2012 жылдың көрсеткішінен 591 мың текше метрге немесе 3% жоғары.

Инвесторлармен байланыс қызметі**«ҚазТрансОйл» АҚ**